



Елдің жайын
көрген біледі



2-бет

Шоқ шайнап,
от бүріккен



3-бет

Атадан қалған
игі салт



8-бет

Құрметті металлургтер мен сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз *Металлургтер* күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл күн тек сала өкілдері үшін ғана емес, барлық қазақстандықтар үшін де маңызды, өйткені, металлургия – ұлттық экономиканың тірегі, елдің өнеркәсіптік күші мен дамуының қайнар көзі.

Біздің аймақтың тарихы металлургия өндірісімен тығыз байланысты. Сіздердің еңбектеріңіздің, қызметке адалдықтарыңыз және табандылықтарыңыздың арқасында біздің аймақта металлургия саласы дамып келеді.

Металлург мамандығы тек жоғары білім мен шеберлікті ғана емес, сонымен бірге, нағыз баатылдықты, рух пен төзімділікті қажет етеді. Сіздердің әрқайсыларыңыз жауапкершілік пен кәсібиліктің үлгісі болып табыласыздар. Сіздердің өнеркәсіпті дамытуға, экономиканы және әлеуметтік ал-ауқатты нығайтуға қосқан үлестеріңіз құрметке лайық.

Мерекелеріңізбен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, отбасылық бақыт тілейміз. Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• РЕСМИ

Жаңа Салық кодексі қабылданды

Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойылды.

Нәтижесінде қосылған құн салығының жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді. Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген мөлшерлемесі белгіленді. Мәселен, 2026 жылдан – 5 пайыз, 2027 жылдан – 10 пайыз. Бұл ретте Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ, баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері қосымша құн салығынан босатылады. Мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген қосымша құн салығының мөлшерлемесі белгіленеді.

Салық кодексі салықтық әкімшілендіруді жаппай жеңілдетуді көздейді. Атап айтқанда, салық есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарады, салықтар саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылады. Елеулі өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салықтарынан бастап инвестицияларды ынталандыру және салық жүктемесін қайта бөлу секілді барлық негізгі бағытты қамтиды.

Өз тілшімізден

• ЕРТЕҢ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

Болат балқытқан жүректер



Кеншілер астанасында Металлург күні – жыл сайын ерекше ықыласпен атап өтілетін кәсіби мереке. Өйткені, дәл осы салада еңбек етіп жүрген мыңдаған жұмысшының маңдай терімен еліміздің индустриялық әлеуеті артып келеді. 2025 жыл 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен ел экономикасының жүрегіне айналған металлургия саласының үздік өкілдері жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болды. Облыс әкімдігінде өткен салтанатты шарада аймақ басшылығы мен министрлік өкілдері еңбек майталмандарының еңбегіне алғыс айтып, ұлт дамуына қосқан үлестерін айрықша атады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың қатысуымен өткен марапаттау рәсімі еңбек адамын ардақтаудың жарқын көрінісіне айналды.

– Құрметті қарағандылықтар, мен бүгін Мемлекет басшысының тапсырмасымен келдім. Сіздерді кәсіби мерекемен құттықтап, облыс әкімімен бірге мемлекет-

тік наградаларды табыстау – мен үшін зор мәртебе. Металлургтер – бұл жалын мен болаттың адамдары, домна пешінің отында шыныққан жандар. Олардың ерлігі, рухы мен ұрпақ сабақтастығы – саланың тұрақтылығының кепілі. Қазақстанның индустриялық қуатының символдарының бірі – дәл осы Қарағанды облысында өндірілетін болат, – деді Ерсайын Нағаспаев.

Жиын барысында қарапайым еңбекпен биік белестерді бағындырған металлургтерге мемлекеттік наградалар табысталды.

Атап айтсақ, «Құрмет» орденімен Қазақстан Республикасының Минералды шикізатты кешенді өңдеу Ұлттық орталығы филиалы – Жантөре Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының директоры Сайлаубай Байсанов марапатталды.

– Бұл марапат – жеке адамның емес, тұтас ұжым еңбегінің жемісі. Біз темірден тек металл емес, елдің келешегін де сомдап жүрміз. Ел Президентіне, ел халқына шексіз ризашылығымды білдіремін. Бұл марапат – маған ғана емес, ғылым мен өндірісті ұштастырып, ел игілігіне қызмет етіп жүрген барша мамандарға берілген баға, – дейді Сайлаубай Байсанов.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Qarmet» АҚ жылу электр орталығының ауысым бастығы Жанат Қапасов, «Балқаштүстімет» жөндеу учаскесінің слесарь-жөндеушісі Нұрлан Қайпбергенов, «Тау-Кен Алтын» ЖШС бас технологи Қайрат Қалижаров

«Kazakhmys Smelting» мыс балқыту цехының 5-разрядты балқытушысы Талғат Шайхин марапатталды.

Ал, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені «Qarmet» АҚ Конвертер цехының шөміштерді дайындау және болатты пештен тыс өңдеу учаскесінің бастығы Рамиль Шафигуллин «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» атағы «Kazakhmys Smelting» ЖШС аппаратшы-гидрометаллургі Саят Жұмабеков пен «Kazakhmys Smelting» ЖШС кешенді технологиялық бригада балқытушысы Еркебұлан Айғалиевке табысталды.

Одан бөлек, «Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі» атағы «Қарағандыцветмет» филиалының «Құсмұрын-Ақбастау» кенішінің директоры Асқар Джамагариновқа берілді.

Облысымыздың тарихы – металлургия саласының тарихымен тығыз байланысты.

➤ 2-бет

Сапалы жол – сәтті сапар

Қарағанды облысы – инфрақұрылымы дамыған, тоғыз жолдың торабында орналасқан еліміздің маңызды өңірлерінің бірі де бірегейі. Соңғы жылдары аймағымызда туристік бағыттарға апаратын жолдарды жөндеу және жол бойы сервистік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қарқын алып келеді. Аткарылып жатқан бұл жұмыстар туристердің қауіпсіз әрі жайлы саяхаттауына жағдай жасап қана қоймай, аймағымыздың жалпы туристік инфрақұрылымын арттыруға бағытталған.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде облыста республикалық маңызы бар автожолдардың жалпы ұзындығы 1843,5 шақырымды құрайды. Биыл 10 учаскеде, ұзындығы 291 шақырым болатын жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Атап айтқанда, бұл жөндеу жұмыстары Қарқаралы, Балқаш, Баянауыл секілді туристер көп баратын бағыттар.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы-


ның мәліметінше, биылғы жұмыстар ұлттық стандарттарға сәйкес сапалы жолдарды қалыптастыруға, сонымен қатар, ең бастысы демалушы туристер үшін жол бойындағы қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған. Оның айқын дәлелі – «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай- Бұғаз» автожолына жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстары.

Қарқаралы – облыс аумағындағы ең танымал туристік бағыттардың бірі.

➤ 4-бет



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...



• ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

Елдің жайын көрген біледі

Халық қалаулылары Парламент қабырғасында күн сайын күрделі, ай сайын айтулы мәселелерді шешеді, ел мен жер үшін маңызды мәселелерді толғайды десек те, бұқараның басындағы ахуалды көзбен көріп, қолмен ұстағандай сезіне алмасы анық. «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» деген бар емес пе. Сондықтан, депутаттардың әредікте ел аралап, халықтың мұн-мұқтажын өз аузынан естуі, ауыл-аймақтағы жағдайдың барысын көзбен көріп, көңілмен түйсінуі әбден құптарлық шара. 17 шілде, бейсенбі күні Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов бастаған депутаттар тобы Нұра және Осакаров аудандарында болды. Делегация мүшелері өңірдегі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысымен және әлеуметтік нысандардың жағдайымен танысты.



Болатбек ӘШМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2025 жыл ресми түрде «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып аталғаны себеп болса керек, Нұра ауданында депутаттар ат басын ең алдымен Б.Әбдікәрімов атындағы көпсалалы колледжге тіреді. Білім ордасы агроөнеркәсіп, құрылыс және өндіріс салалары бойынша қазіргі уақытта жоғары сұранысқа ие он мамандық бойынша мамандар даярлайды. Мұнда бір мезгілде үш жүзге жуық студент білім алатынын ескерсек, колледждің елімізді кәсіби мамандармен қамтамасыз ету ісіне елеулі үлес қосып отырғанын бағамдау қиын емес. Қазіргі уақытта Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын игерген мамандарға деген сұраныс 40 пайыздан асқанын айтсақ, бұл білім шаңырағының нарқы тіптен арта түседі.

— Өздеріңізге белгілі, Президентіміз биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Бұл бағытта колледждер мен училищелер елге қажетті мамандар даярлау ісінде ерекше рөл атқарады. Сіздер жас дөңкерлеушілерге, құрылысшылар мен тігіншілерге еңбекке деген шынайы құрметті, өз мамандығына деген сүйіспеншілікті және дұрыс моральдық құндылықтарды дарытып келесіздер. Мықты экономика мен елдің жарқын болашағы ұстаздардың қолында. Сондықтан, мемлекет сіздерді толық қолдайды. Колледждерді дамытуға және мұғалімдердің еңбек жағдайын жақсартуға бар күшін салады, — деді Ерлан Қошанов колледж ұжы-

мына арнаған сөзінде.

Мәжіліс депутаттары колледж ұстаздарына осындай оқу орындарына өз өндірісі арқылы өнімін сатуға мүмкіндік беретін заңнамаға енгізілетін түзетулер туралы мәлімдеді. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларына колледждерде дуальды білім алу мүмкіндігі қарастырылып отыр екен, бұл туралы Заң жобасы Мәжілістің бірінші оқылымынан өткен.

Ерлан Жақанұлы еңбек адамын қолдауға бағытталған нақты өзгерістерді, яғни, жұмысшы мамандық иелері үшін жанадан тұрғын үй ипотекалық бағдарламасының іске қосылғанын, сондай-ақ, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтіндерге зейнетке ерте шығу мүмкіндігі қарастырылатынын атап өтті.

Депутаттар колледж студенттері болашақ мамандықтары бойынша тәжірибелік машықтарын қалыптастыратын оқу шеберханаларының жұмысымен танысты. Мұнда дөңкерлеу ісі, құрылыс, автослесарь, тамақ және тігін өндірісі бағыттары бойынша білім беріледі.

Депутаттар, сондай-ақ, медицина қызметкерлеріне арналған көпәтерлі тұрғын үй кешенінің күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Бұл бұрын бос тұрған ғимарат болса, енді қайта жаңғыртылып, жыл соңына қарай аудандық ауруханада қызмет істейтін 14 жас қызметкердің отбасылары үшін үр жаңа баспанаға айналмақ. Аймақ басшылығы мәлімдегендей, мемлекеттің осындай қолдау шараларының арқасында Нұра ауылында медицина саласы бойынша кадр

тапшылығы мәселесі оң шешімін тапқан.

Нұра ауданында ауыл шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Мәжіліс депутаттары Көбей ауылында биыл іске қосылған «Рамадан СФ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сүт фермасына арнайы барып, жұмыстарының барысымен танысты. Кәсіпорын голштин-фриз тұқымды 1100 бас сауын сиыр ұстауға арналған. Ферма заманауи сауу технологияларының көмегімен тәулігіне орта есеппен 27 тонна, жылына 10 мың тоннаға дейін сүт өндіруді жоспарлап отыр.

Мәжіліс депутаттары Осакаров ауданында бірнеше нысанда болды. Ауыл шаруашылығы саласын дамыту бойынша бұл ауданның да ауқымды жоспарлары бар. Алдағы жылдары Осакаров ауданында 2,5 мың тонна өнімге арналған көкөніс сақтау қоймасы, 6 мың бас малға арналған еліміздегі ең ірі сүт-тауар фермасы, жылына 45 миллион кірпіш шығаратын зауыт салынбақ. Сонымен қатар, суармалы жерлердің аумағын едәуір ұлғайту көзделіп отыр. Осының бәріне кететін электр қуаты да аз болмайды. Сондықтан, баламалы энергетиканы дамыту бойынша да жұмыстар жүріп жатыр. Депутаттар делегациясы аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жоба — қуаттылығы 150 МВт болатын жел электр станциясының құрылысымен танысты. Бүгінде мұнда жоспарланған 21 жел қондырғысының 9-ы іске қосылып, электр қуаты өндірілуде. Алынған «жасыл» электр энергиясы қосалқы станция арқылы жалпы тарату

желісіне жіберіледі. Жоба аясында жергілікті тұрғындар үшін 20 жаңа жұмыс орны ашылған. Айта кету керек, мемлекет мұндай өндірістердің дамуын субсидиялар мен арнайы бағдарламалар арқылы жан-жақты қолдап отыр.

Делегация, сонымен қатар, 2020 жылы толық қайта жаңғыртудан өткен «Жастар» балалар мен жасөспірімдер орталығында болды. Қазір бұл орталықта заманауи бағыттар бойынша 25 үйірме жұмыс істейді. Ауылдың алты жүзден астам баласы мұнда IT, роботтехника, жасанды интеллект, музыка мен театр өнері, қолданбалы шығармашылық, тілдер және басқа да салалар бойынша қосымша білім алады.

Мәжіліс депутаттары Осакаров ауданының жұртшылығымен де осы жерде кездесті. Кездесу барысында жергілікті өндірісті, елдімекендерді дамыту мүмкіндіктері талқыланды. Жоғарыда аталған көкөніс сақтау қоймасының, сүт-тауар фермасының, кірпіш зауытының құрылысы мен суармалы жерлердің аумағын кеңейту жоспарлары және олардың жергілікті халық үшін тиімділігі түсіндірілді.

Ерлан Қошанов өткен сессияда қабылданған Салық, Бюджет және Су кодекстері, сондай-ақ, әлеуметтік даму бағытындағы бірқатар заңдар туралы баяндады. Олардың қатарында «Келешек» жинақтау жүйесі туралы заң, дарындыларды қолдау нормалары, МӨМС жүйесінде базалық медициналық көмекті сақтау, онко-скринингті кеңейту және басқа да маңызды бастамалар бар.

Ерлан Қошанов аудандық мәслихат депутаттарын заң шығару жұмысына белсендірек қатысуға шақырды. Өз ұсыныстарын Қоғамдық палата арқылы енгізіп, сондай-ақ, Мәжіліс сайтындағы арнаулы модульдің мүмкіндіктерін пайдалануға кеңес берді. Бұл жайт қабылданатын заңдардың сапасын арттырып, олардың нақты өңірлік жағдайларға сай болуына ықпал ететінін еске салды. Мәжіліс депутаттары жекелеген азаматтардың, кәсіпкерлердің және аудан басшылығының осы жерде айтылған өтініштері мен ұсыныстарын Парламенттің жаңа сессиясында талқылауға шығартып болып уағдаласты.

Парламент қабырғасында бір күнде осынша мәселенің басы шалына ма, жоқ па, білмедік, бірақ, Мәжіліс депутаттары екі ауданға жасаған сапарында халық шешімін күткен көп мәселеге көз жеткізгендері анық. Ауылда көтерілген мәселе Астанаға жетіп, Мәжіліс мінберінен айтылса, көп ұзамай оң шешімі болары балаға да түсінікті. Сондықтан, сенім артқан депутаттарымыз елмен етене араласып жұмыс істеуді дәстүрге айналдырса, халықтың да көз-көңілі жайлана түсер еді.

Сурет Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің ресми сайтынан

• ӘЛЕУМЕТ

Отбасылық ойын-сауық орталығы ашылды

Металлургтер күні қарсаңында Теміртау қаласының 6-ықшам ауданында «Темирд» ЖШС «MY KIDS» отбасылық ойын-сауық орталығының ашылу салтанатында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов болып, екіқабатты орталықты аралап көрді.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аумағы 2700 шаршы метрді құрайтын бұл нысанның құрылысы 2024 жылы басталып, енді аяқталып, ел игілігіне ұсынылып отыр. Отбасылар мен олардың балаларына ойын-сауық пен демалыс, қоғамдық тамақтану қызметін ұсынатын халықаралық стандарттарға сай бұл жобаның жетекшісі Мейрам Қабылов та оны жүзеге асыру үшін 2 миллиард теңге жұмсаған.

Аталған жоба шеңберінде балалар мен ересектер үшін түрлі заманауи аттракциондар, үш аймақ бір жерге ұштасқан форматтың кеңістік, мейрамхана мен банкет залы, фудкорт қарастырылған. Осы нысанның ашылуымен 80 жаңа жұмыс орны құрылып, олар күніне 290, ал айына 15 адамға дейін қабылдап, қызмет көрсете алады.

Отбасылық орталықтағы негізгі белсенділік аймақтарына батуттар, төрт өрмелеу қабырғасы, арқанды парк, тюбингтер, тағы басқалары жатады. Тамақтану аймағы ашық асуы пен демалыс, қоғамдық тамақтану қызметін ұсынатын халықаралық стандарттарға сай бұл жобаның жетекшісі Мейрам Қабылов та оны жүзеге асыру үшін 2 миллиард теңге жұмсаған.

Құрылшылардың кәсіби мерекесі алдында пайдалануға берілген осынау орталық қаланың инфрақұрылымын жақсартып қана қоймай, тұрғындардың отбасымен келіп тынығып, тамақтанатын сүйікті орнына айналары сөзсіз.

ТЕМІРТАУ

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Болат балқытқан жүректер



(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені, дәл осы өндіріс саласы Қарағандының ірі индустриялық орталыққа айналдырды. Бүгінде металлургтеріміздің қажырлы еңбегінің арқасында өңірімізден жылына 3,5 миллион тонна металл өндірілуде. Пектар мен шахталарда, балқыту пештерінде жұмыс істейтін азаматтар — нағыз еңбек қаһармандары.

— Сіздер тек металл балқытумен шектелмей, құрылыс, машина жасау, көлік және энергетика салаларының дамуына елеулі үлес қосып келесіздер. Бұл — тұтас ел дамуына қосқан зор еңбек. Өсіресе, сала ардагерлеріне айрықша алғысымды білдіремін. Қалыптасқан еңбек дәстүрлерін бүгінгі жастар жалғастырып жатыр. Сіздердің даналықтарыңыз бен табандылықтарыңыз — Қазақстан металлургиясының берік негізі, — деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Парламент Мәжілісінің депутаты Бауыржан Смағұлов Ерлан Қошановтың құттықтау хатын жеткізді.

— Металлургия — еліміздің экономикасын алға сүйрейтін жетекші сала. Сіздердің жанкешті еңбектеріңіз, кәсіби шеберліктеріңіз — Қазақстанның халықаралық деңгейдегі абы-

ройы мен экономикалық қуатын айқындайтын басты фактор. Сіздер — жас буынға үлгі боларлық тұлғасыздар. Қиындығы мен құрметі қатар жүретін салада еңбек ететін барлық азаматтарға мықты денсаулық пен табыс тілейміз, — делінген құттықтау хатта.

Салтанатта металлургтер әулеттері де ерекше аталды. Өндірісті отбасылық дәстүрге айналдырған, еңбек шежіресін жазып келе жатқан отбасылар — адал әрі тынымсыз еңбектің жарқын үлгісі. Олардың қатарында Әлібековтер, Брагиндер, Деминдер және Есімжановтар әулеті бар.

— Металлургиялық саланың жаңа тарихын жазып жатқанымыз — бүкіл компания ұжымы үшін мәртебе. Мемлекет басшысы мен Үкіметке металлургтер еңбегіне берген жоғары бағасы үшін алғыс айтамын. Барша сала қызметкерлеріне зор денсаулық, амандық және жаңа жетістіктер тілеймін. Біздің компания мен барлық металлургтер еліміздің өркендеуі жолында маңызды міндетті абыроймен орындайды деп сенемін! — деді «Qatmet» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврентьев.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Шеберлікті еңбек шыңдайды

Өңірде «Кәсіби маман» байқауының өңірлік кезеңі қорытындыланды. Байқау «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының бастамасымен өтуде. Жұмысшы кадрларды даярлаудағы үздік тәжірибелерді қолдау мақсаты көзделді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға жұмыс берушілер мен колледждер қатысып, негізгі бағыт — олардың серіктестігін нығайту екенін айғақтады.

Кәсіпкерлер палатасының хабарлауынша, өңірлік кезеңге кәсіпорындар, колледждер мен өндірістік тәлімгерлерден барлығы 10 өтінім түскен. Арнайы комиссия үш аталым бойынша жеңімпаздарды анықтады.

«Кадрларды даярлауға қатысушы үздік кәсіпорын» аталымында «Make» ЖШС (Қарағанды құю-механикалық зауыты) жеңіске жетті. Компания дуальды оқыту жүйесін белсенді енгізіп, өңірдегі колледждер мен техникалық мектептермен тұрақты

байланыс орнатқан. Кәсіпорында еңбек ететін Александр Исупов өндірістегі үздік тәлімгер ретінде танылды.

«Кәсіпорынның үздік серіктес колледжі» аталымында Қарағанды жоғары политехникалық колледжі жеңіске жетті. Оқу орны өндіріс орнымен жоғары деңгейде ықпалдасып, түрлі байқауларға белсенді қатысып, студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда ерекше көзге түсті.

Жеңімпаздар күзде Астанада өтетін байқаудың республикалық кезеңінде Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады.

— «Кәсіби маман» байқауы кадр даярлау сапасының артуына және бизнес пен білім беру арасындағы серіктестіктің нығаюына ықпал етеді. Бүгінде тәжірибеге



негізделген оқыту моделін дамыту бұрынғыдан да маңызды, — деді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Өңірде оқу мен тәжірибе тығыз ықпалдасқан дуальды оқыту жүйесі дамып келеді. Облыстық кәсіп-

керлер палатасының дерегінше, жүйеге бүгінде 39 колледж, 828 кәсіпорын, 289 сертификатталған тәлімгер тартылған.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ЕРТЕҢ – МЕТАЛЛУРГ КҮНІ

Шоқ шайнап, от бүріккен

Металлург. Бұл мамандық тек шойын мен болатты балқыту емес – ол жүрекпен сезініп, жанмен атқарылатын ауыр да абыройлы еңбек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осындай еңбеккер жандарға арнап, «Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек» деп баса белгіледі. Әрбір отқа жанған пештің, әрбір құйылған металл құймасының артында адам тағдыры, қажыр-қайрат пен төзімділік жатыр. Осы киелі істің құрметіне шілде айының әрбір үшінші жексенбісі Металлургтер күні ретінде бекіді. Бұл – тарихи дәстүрді жаңғырту ғана емес, ел өндірісінің қара нары болып келе жатқан жандарға көрсетілген зор құрметтің белгісі еді...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

...Сол күннен бастап, домна пештері маңындағы еңбеккерлер, құрыш құйып, болатқа жан бітірген азаматтар өз кәсіби мерекелерін салтанатпен атап өтеді. Бұл – еңбектің даңқы мен темірдің тегеурінін ұштастырған нағыз ерлердің мерекесі. Металлург болу – отты сүйіп, отты бағындыру. Бұл мамандық – өмір салты және теңдессіз ерлік.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында кәсіби маманның қадірін білу керек екенін, еңбекқор адам мемлекетті дамытатынын баса айтты.

– Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық Құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өске-лең ұрпақ Қазақстанда ғана емес,

өзге елдерде бәсекеге қабілетті болуы керек. Көрші мемлекеттің азаматтары шетелге барып, жұмыс талғамай еңбек етіп жатыр. Олар біздің елде де өте жақсы табыс тауып жүр. Дәл осындай жандардан үлгі алу керек. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Болат жолдың бастауына орайлық. Ұлан-ғайыр Қазақстанның металлургия саласындағы сырлы шежіресі 1960 жылдан басталады. Теміртауда тұңғыш рет металлургиялық комбинаттан шойын алынып, ел болашағының жаңа беті ашылды. Осы сәулелі сәттер тұтас бір саланың дүние есігін ашқан, Тәуелсіз Қазақстанның өндірістік құретамырына айналар күн еді. Содан бергі алпыс жылдан астам уақытта металлургия еліміздің жетекші, болашағы зор салаларының бірі болып қалыптасты. Оның тамыры шым түбіндей тереңде, яғни, Қазақстанның бай әрі берік шикізат қорында жатыр. Жер қойнауындағы мол қазына, тау-кен өндіру, өңдеу және металлургия кәсіпорындарының дамыған жүй-



Қаласындағы Жанна Басымбекова

есімен үйлесім тауып, елімізді жер жүзіндегі тау-кен өндірісі дамыған жетекші 15 мемлекеттің қатарына жеткізді.

Ал, бүгінде Қазақстан металлургиясы мыңдаған адамның тағдырымен біте қайнасқан, ел дамуының өзегі. Ресми мәліметтерге сүйенсек, сан салалы салада 91 мыңнан астам азамат еңбек етуде. Ел бойынша 228 металлургиялық кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың жылдық өнім көлемі 8,2 триллион теңгеге жетіп отыр. Әлбетте осы санның арғы жағында күн-түн демей, ыстық пештің жанында төр төккен мыңдаған металлургтің ерен еңбегі тұр. Қазақстанның болашаққа бастар болат жолы осындай жанкешті жандардың қос қолымен қаланып жатыр.

Асылы, қазақ жерінің әр қойнауы тек байлықтың емес,

болашақтың да алтын бастауы. Қазыналы Қазақстан сирек кездесетін аса қымбат металдарды өндіру арқылы әлемдік нарықтың назарын өзіне кілт аударуда. Бериллий, тантал, ниобий, висмут, теллур мен селен деген атының өзі ғылым мен технология әлемінде жаңғырып тұратын ерекше элементтер еліміздегі өндірістің жаңа деңгейге көтерілгенін білдіреді. Әсіресе, әлемдік аэроғарыш алыптары Boeing пен Airbus сынды компаниялар республикада өндірілетін титанға жоғары сұраныс білдіруде. Демек, ел металлургиясының сапалық жаңа кезеңге аяқ басқанын, отандық шикізаттың халықаралық стандарттарға толық сай келетінін мойындайтын уақыт келді. Әлем көгіне самғар ұшақтардың қанатына жан бітіріп тұрған титан қазақ жерінің топырағынан, қазақ

металлургияның маңдай терінен жаралған.

Енді сандарды сөйлетелік. Былтыр металлургия өндірісінің 8,3 пайыздық өсімі тіркелді. Бұл мәлімет 15 шілде күні өткен экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі жедел штаб отырысында жария етілді. Сандарда стратегиялық жоспар, инвестициялық сенім және әр сағат сайын жанып жатқан пештердің жылуы мен жұмысшылардың қажырлы еңбегі жасырынып жатыр. Бұл орайда Қазақстан металлургиясының сом жүрегі саналатын орталық облысымыздағы алып өндіріс ошағы, ел ішіндегі ең ірі металлургиялық зауыт — «Qarmet»-ті айналып өте алмаймыз. Заманауи зауыт тұтас металлургия саласының символы ғана емес, бүкіл бір өндірістік мектептің, бірнеше ұрпақтың еңбек

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Құрыштан құйғандай

Адамның бірден күш-қайратын жанып, құрыштан құйғандай қылып қалыптастыратын мамандықтар болады. Болат қорытушы да тап осындай кәсіпке жатады. Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында да от-жалынның ішінде пісіп-қатып, металды балшықтай илеген азаматтар еңбек етеді. Солардың бірі – Ерғали Байдуллаев.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Qarmet» акционерлік қоғамының конвертор цехында Ерлан Байдуллаевтың жұмыс істей бастағанына сегіз жыл болған екен. Ол мұндағы маңызды учаске болып саналатын өндірістің бел ортасында жүр. Мұның өзінен оның әулеттік дәстүр мен өз ісіне адалдығы байқалады.

Ерғали әуелде еңбек жолын мердігер ұйымда бастап, алғаш рет болат қорытудың мән-жайына қаныққан. Бұл мамандық оны салғаннан өзіне баурап, тартып әкетті. Өйткені, ол мұны қажырлы мінез бен қайрат көрсететін нағыз ерлердің ісі деп ұқты. Әрі жалақысының жоғарылығы да көңіліне қонды.

Қазірде Ерғали болат қорытудың барлық технологиялық үдерісіне бастан-аяқ қатысады. Конверторды металл сынықтарымен толтырып, қашан шойын алынғанша күлін шығарып, дайын қорытпа шығаруға дейін.

Оның жұмысы ерте басталады. Таңғы алтыда жұмыс басынан табылып, жиырма минуттан соң ауысым қабылдайды. Жабдықтарды тексереді. Одан сағат алтыдан 45 минут кеткенде ауысым жиналысында бұлардың тапсырмасы белгіленіп, тура жеті болғанда іске кіріседі.

Ұжымдағы ахуал Ерғалиға ұнайды. Бұл жерде төрт бригаданың барлығы да бір кісідей қимылдап, бір-біріне қолдау көрсетіп отырады. Бұл осындай қиын да жауапты жұмыста аса керек нәрсе.

Сонымен бірге, Ерғали білімін де жетілдіру үстінде. Ол таяуда Қарағанды индустриалдық университеті «Қара металдар технологиясы» факультетінің бірінші курсына аяқтады. Ол болашағын осы комбинатпен байланыстырған. Осы цехта оның әкесі Марат Ертаев пен ағасы Аман Байдуллаев та жұмыс істейді. Бәрі біріге келе, бүгінде болат қорытушылар әулетін құрап отыр.

Жұмыстан бос уақытын Ерғали отбасына арнайды. Жұбайы Альбина екеуі Думан, Айша, Мариям сияқты алтынмен толтырып, қашан шойын алынғанша күлін шығарып, дайын қорытпа шығаруға дейін.

Оның жұмысы ерте басталады. Таңғы алтыда жұмыс басынан табылып, жиырма минуттан соң ауысым қабылдайды. Жабдықтарды тексереді. Одан сағат алтыдан 45 минут кеткенде ауысым жиналысында бұлардың тапсырмасы белгіленіп, тура жеті болғанда іске кіріседі.

ТЕМІРТАУ

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

Ердің жүгін көтерген

Балқаш қаласындағы өндіріс саласында еселі еңбек етіп жүрген Жанна Басымбекова облыс көлемінде өткен «Еңбегі жанған арулар» форумында кәсіби шеберлігімен көзге түсіп, көпшілік ықыласына бөленді.

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейіпкеріміз — «Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің окшаулаушысы. Ол бұл салада 25 жылдан бері абыроймен еңбек етіп келеді. Жұмысқа деген жауапкершілігі мен тиянақтылығы, мамандығына

адалдығы оны ұжым ішінде ғана емес, жалпы өндірістік ортада да беделді маман ретінде танытты.

Окшаулаушы – үлкен мүкijтjтjлiк пен бiлiктiлiктi қажет ететiн мамандық. Жанна осы салада ұзақ жылдар бойы қызмет етiп, талай сынақтан сүрiнбей өтiп келедi. Ол өндiрiстегi еңбек қауiпсiздiк талаптарын қатаң сақтап, тапсырылған iстi сапалы әрi уақытjлы орындауымен ерекшеленедi. Әрiптестерi оның кәсiбi шеберлiгiн ғана емес, адамн болмысын да жоғары бағалайды. Жас мамандарға бiлгенiн үйретiп, тәжiрiбесiмен бөлiсiп жүруi – оның iскерлiгiн ғана емес, өмiрлiк ұстанымының да биiктiгiн көрсетедi.



Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

«Еңбегі жанған арулар» форумы аясында Жанна жерлесіміздің еңбегі лайықты бағаланып, өне-



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

гелі өмір жолы көпке үлгі ретінде көрсетілді. Бұл – тек жеке марапат емес, жалпы еңбек адамына, өндірістегі нәзікжанды, бірақ, қайсар әйелдерге көрсетілген зор құрмет.

Жанна Басымбекованың өнегелі жолы – жас буынға үлгі, қоғам үшін құнды тәжірибе. Облысымызда осындай еңбекқор, табанды азаматшалардың еңбегін дәріптеу – бүгінгі күнде маңызы зор. Мереке қарсаңында ғана емес әр күн сайын еңбек адамдарының есімі дәріптелсе, артық болмас.

БАЛҚАШ

• МАРАПАТ

Еңбеккердің еңсесі биік

«АМАНАТ» партиясы елдің әр өңірінде еңбек адамдарының қоғамдағы беделін көтеруге бағытталған ауқымды мерекелік іс-шаралар өткізіп жатыр. Бұл бастама партияның еңбек адамына деген айрықша құрметі мен қолдауын айқын көрсетеді. Атап айтқанда, Қарағанды облысында ұйымдастырылған салтанатты жиын – осының жарқын дәлелі. Металлургтер күніне орай өткен бұл іс-шарада өңірдің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген еңбек озаттарына ерекше ілтипат көрсетілді. Саланың ардагерлері мен үздік қызметкерлері партия атынан арнайы Алғыс хаттармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – жұмысшы мамандығының қоғамдағы мәртебесін көтеру, олардың еңбегіне лайықты құрмет көрсету. Қандай да бір саланы алып қарасақ та, мейілінше өндіріс, өнеркәсіп, құрылыс немесе ауыл шаруашылығы болсын, барлығында да негізгі қозғаушы күш, табысқа жеткізетін басты фактор – бұл қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегі. Біз мұны ешуақытта естен шығармауымыз керек. Ең алдымен, ел экономикасының іргетасы жұмысшы қауым екенін толық түсінуіміз қажет, – деді «АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков. – Қазіргі заманда техниканың, технологияның дамуының өзі де осы мамандардың тікелей қатысуынсыз мүмкін емес. Сондықтан, біз жұмысшы мамандықтарының беделін арттырып, жастар арасында бұл салаларға деген қызығушылықты оятуы-

мыз қажет. Бұл – тек бір күндік шара емес, бұл – ұзақмерзімді стратегиялық бағыт.

Айта кету керек, аталған іс-шара 2025 жылдың елімізде «Жұмысшы мамандықтарының

жылы» деп жариялануымен ерекше үйлесіп отыр. Бұл – мемлекет тарапынан еңбек адамына, оның кәсібіне деген жоғары деңгейдегі назар мен қамқорлықтың айқын көрінісі. Осыған орай,

«АМАНАТ» партиясы да өз тарапынан нақты істер арқылы жұмысшыларды қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Біз алдағы уақытта да еңбек адамының абыройын көтеріп, олардың еңбегінің қоғамда лайықты бағалануын қамтамасыз ету үшін барлық деңгейдегі алаңдарда әрекет етуді жалғастырамыз деді партия өкілдері.

Сурет ашық дереккөзден



Сапалы жол – сәтті сапар

(Соңы. Басы 1-бетте).

Курорттық аймаққа апаратын жолды ілгеріде атап өттік. Жалпы, «Қарағанды-Қарқаралы» бағытының ұзындығы 200 шақырымды құраса, осы аралықтағы автожолдың 85 шақырымы 2025 жылы жөнделіп жатыр. Ал, қалған 115 шақырым 2021-2024 жылдары жаңартылған болатын.

Жол бойында 10 сервистік нысан (6 кафе, 4 жанармай бекеті), 3 демалыс алаңы, санитарлық-гигиеналық тораптар бар. Оның ішінде, жылу электр қуатымен қамтамасыз етілген, жылы дәретханамен жабдықталған санитарлық торап та жұмыс істеп тұр.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Қарағанды облысы филиалының директорының орынбасары Еркін Дінмұхамед:

– Бұл автожол еліміз үшін маңызды туристік жол торабының бірі болғандықтан, жөндеу жұмыстарына бар күш-жігерімізді салып, аса жауапкершілікпен қараймыз. Жолды жөндемес бұрын, ең алдымен, арнайы мамандар келіп, жолды тексеріп, қандай деңгейдегі жұмыс көлемі бар екенін анықтады. Мысалы, біз қазір жөндеп жатқан жолдың деңгейі – орташа жөндеу. Себебі, әуелден жолдың жабыны болды. Біз тек оны қайтадан өңдеп жатырмыз. Бұл деңгейдегі жол жөндеу жұмыстарының өзі бірнеше кезеңнен тұратынын ескергендеріңіз жөн. Бірінші кезеңде біз жолдың ескі жабынынан толыққанды тазалап, жамылғысын шешіп, негізінің беріктігіне мән береміз. Одан соң барып, екі қабатты асфальт жамылғысын төсейміз. Алдымен ірі түйіршікті асфальтты 6 сантиметр қалыңдықта салсақ, оның бетінен ұсақ түйіршікті асфальтты 4 сантиметр қалыңдықта төсейміз. Бұл төселген жолдың ұзақ жыл қызмет ететініне кепілдік береміз, – деді Еркін Асланұлы.

Жол жөндеуші ұйымның тарапынан жолдың сапа кепілдігінің мерзімі – екі жыл. Осы уақыт аралығында қандай да бір ақаулар туындап, жол бұзылса, аталған ұйым мәселені өз мойнына алып, жолды қайтадан жөндейтін болады. Сол себепті де жолдың сапасына баса назар аударылады. Арнайы қызмет барысын қадағалаушы мамандар жұмылдырылып, жолдың сапасын өз қадағалауына алады. Бұнымен қатар, кез келген уақытта қауырт жасақталған комиссия құрамы келіп те жұмыс барысын жіті тек-



серіп, ескертпелер жасап отырады.

– «Қарағанды-Қарқаралы» аралығындағы тасжолын жөндеуге «Қарағанды жолдары» мердігерлік ұйымынан екі учаске жұмылдырылған. Жол жөндеу жұмыстарының алғашқы кезеңінен бастап-ақ біз жұмыс барысын қатаң бақылауға аламыз. Қиыршық тас төселіп, жолдың беті тегістелген соң ғана асфальт жабынын төсеуге рұқсат береміз. Бұл күрежол тек жеңіл автокөліктерге ғана емес, сонымен қоса, ауыр жүк көліктеріне арналғандықтан, асфальт жабыны 2 қабаттан тұрады. Жаз мезгілінде күн райы ыстық екенін білеміз. Жол жөндеу барысында ауыр жүк көліктерінің қозғалысын жіті бақылаған жөн. Асфальт жабыны енді ғана төселген жерлерде 8 тоннадан ауыр салмақтағы жүк көлігінің қатынауына рұқсат етілмеген. Тек бірнеше сағат өткеннен соң ғана қозғалысын жалғастыра алады. Мұның өзі жолдың сапасына тікелей әсер етеді, – деді қызмет сапасын бақылаушы маман Юрий Чернак.

Күрежолды жөндеуге арналған құрылыс материалдары жолға бөлінген қаражат есебінен алынады. Тек су құбырларын жөндеуге арналған материалдар ғана сатып алынады демесек, жол жабынына қажетті ірі және ұсақ түйіршікті асфальт толықтай «Қарағанды жолдары» мердігерлік ұйымының асфальт зауытында өндіріледі. Бұл бір жағынан бюджеттен бөлінген қаржыны үнемдеу болса, екіншіден бір ғана ұйыммен бірлесіп, қолайлы жұмыс атқаруға мүмкіндік туғызып отыр. Асфальт зауыты «Қараған-

ды-Қарқаралы» автожолының бойында, Ботакара кентінен таяқ тастам қашықтықта орналасқан. Зауыттың маңында шағын карьер бар. Асфальт өндіруге материалдарды, жол жабынын төсеп біткеннен кейін жол жиегіне төсейтін қиыршық тастар да сол жерден алынады. Сағатына 130 тонна асфальт өндіруге болатын бұл зауыттың жұмыс істеу жүйесі де ерекше.

Асфальт зауытының директоры Алексей Тимошенко:

– Қазір жол жөндеу жұмыстарының қызу науқаны. Асфальтқа сұраныс өте көп. Күніне 10-12 сағаттан, демалыссыз жұмыс істейміз. Тек ауа райы келенсіздік тудырған жағдайда ғана жұмыс уақытша тоқтатылады. Барлық технологиялар автоматтандырылған. Карьерден алынған қиыршық тас алдымен 160-170 градуста қорытылады. Одан соң арнайы элеваторда көлеміне қарай жіктеп, іріктейміз. Барлық үрдіс аяқталғаннан кейін асфальт 150 градуста дайын күйінде бірден қызу жұмыс атқарылып жатқан орынға жөнелтіледі. Зауытты осыдан бір жыл бұрын қажеттілік туындаған соң аштық. Барлық бөлшектері жиналмалы болғандықтан, кез келген уақытта бұзып, орнын ауыстырып, құрастыра аламыз. Сонысымен тиімді. Бүгінде асфальт өндіруге керек материалдар артығымен қамтамасыз етілген, – деді зауыт басшысы.

Қазіргі таңда «Қарағанды-Қарқаралы» тасжолының жөндеу жұмыстары аяқталуға шақ қалды. Айта кетерлігі, 2021 жылы төселген алғашқы 10 шақырым жол үш жыл-



дан астам уақыт өтсе де, сапасын жоғалтпай, қаз-қалпында тұр. Бұл мердігерлердің сапалы жұмыс атқарғанын және жолдың кепілдік мерзімінен де ұзақ қызмет ету әлеуетін көрсетеді. Жобамен күніне бұл бағыт арқылы 5500 көлік қатынайды. Жол жөндеу жұмыстары толық аяқталғаннан кейін полиция департаменті арнайы сараптама жүргізіп, жол қозғалысы ережелеріне сай арнайы жол белгілерін қояды. Бұл – жол жүру қауіпсіздігін сақтауға бағытталған қадам.

– Автожолдың жөндеуіне халық дән риза. Әсіресе, санитарлық-гигиеналық тораптың жұмыс

істеп тұрғаны барлық жолаушылар үшін қолайлы. Инфрақұрылымның дамығаны Қарқаралының әсем табиғатына келетін туристерге жол ашты. Бүгіннің өзінде еліміздің түпкір-түпкірінен келіп жатқандар көп, – деп өз ойын білдірді жергілікті тұрғын Айдар Медеубаев.

Жол сапасы жақсарғаннан кейін бұрынғымен салыстырғанда Қарқаралыға келушілер саны көбеюде деуге толықтай негіз бар.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Нұрлыбек Ілдебаевтің мәліметіне жүгінсек, өткен жылы 32 мыңға жуық демалушы келген. Биылғы алғашқы жартыжылдықтың өзінде 20 мың турист келген. Бұл көрсеткіш 1,5 есеге дейін артуы мүмкін.

Қарқаралы ауданында туристік аймаққа 75 гектар жер бөлінген. Сол аумақта толықтай инженерлік-коммуникациялық жұмыстар

Тағы бір қуантатыны – қызмет көрсету орталықтарының жұмысы. Жол бойындағы демалыс орындары, жанар-жағармай құю бекеттері мен дәмханаларда жолаушыға қажеттінің бәрі бар. Қажет болса, көлікті тексертіп, өзін де тынығып аласын. Бұл өңір туризмге бет бұрып, меймандарды қарсы алуға дайын екенін көрсетеді.

Ал, Қарқаралының табиғатына келсек – сөзбен айтып жеткізу қиын. Бұлтпен таласқан әсем таулар, жасыл желекті ормандар, мөлдір көлдер – бәрі де ерекше әсер қалдырады. Әсіресе, Қарқаралы ұлттық табиғи паркінің сұлулығы көздің жауын алады. Мұнда келген әрбір адам табиғаттың ғажайып үйлесімін, тылсым тыныштығын сезіне алады. Қарқаралы – тек тарихи орын ғана емес, жанды тынықтыратын, табиғатпен сырласатын қасиетті мекен, – деді.

● МАРАФОН

Желаяқтар Қарқаралыда жиналды

Кешегі жұмадан жексенбіге дейін Қарқаралы қаласында Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Buggy Trail Qarqaraly – 2025» атты дәстүрлі трейл марафоны өтуде.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл бұл ауқымды спорттық-мәдени іс-шара үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Марафонның басты мақсаты – аймақтың туристік және мәдени әлеуетін арттыру, саламатты өмір салтын насихаттау және ішкі туризмді дамыту. Жарысқа қатысушылар саны күннен күнге артып келеді. Аптаның ортасына дейін тіркелгендер саны 470 адамға жетті, оның жетеуі шетелдік

спортшы (алтауы – Ресейден, біреуі – Испаниядан). Қатысушылар жас мөлшеріне және денсаулық мүмкіндіктеріне қарай әртүрлі қашықтыққа жүгіреді. Әзірше тіркелген 36 адам – 50, 166 адам – 21, 159 адам – 10, 25 адам – 5, 24 адам 1 километрге жүгіруге тілек білдіруде. Тіркеу ресми <https://buglytrail.kz/> сайты арқылы жүргізілді.

Жарысқа қатысушылар бейсенбіден бастап, Қарқаралыдағы Мәдениет үйінен марафондық нөмірлері мен арнайы футболкаларын алуда. Қатысушыларға арнайы футболка-

лар мен медальдар дайындалды. Шайтанкөл туристік маршруты бойында 100 адамға арналған шатырлы қалашық ұйымдастырылды. Аймақта демалуға қажетті барлық инфрақұрылым бар: стационарлық әжетханалар, қолжұғыштар, тамақтану орындары және т.б.

Жарысқа қатысушылар үшін арнайы мәдени бағдарлама қарастырылған. Кеше кешкілік ашық аспан астында «Жұмақ та жұмбақ өлкем – Қарқаралым!» атты концерт өтті. Оның хедлайнері – танымал әнші Қайрат Түнтеков. Концерт соңында мерекелік отпашу болды. Қалада жәрмеңке алаңы ұйымдастырылды. Онда жергілікті кәсіпкерлер мен колөнершілер меймандарға өз өнімдерін, спорттық брендтер ұсынды. Бұл іс-шара аймақтың туристік имиджін көтеріп, жергілікті халықтың белсенділігін арттыруға бағытталған. Концертті тамашалаған адамдардың шамасын санап болмайды.

Бүгін әскеде марафонның салтанатты ашылуы болды. Жарыс жолына 5 бақылау бекеті қойылған. Онда жаттықтырушылар, табиғи парк инспекторлары, ТЖ және полиция қызметкерлері кезекшілік етуде. Өрт қауіпсіздігі үшін арнайы өрт сөндіру техникасы, медициналық көмекке арналған жедел жәрдем көлігі мен бригадасы жұмылдырылды. Сөре мен мәре нүктесі Бұғылы су бөгеніне орналасқан. Бұл жерде де полиция, ТЖ және жедел жәрдем қызметі толық дайындықпен жұмыс істеуде.

Марафоншы ересектер – 50, жасөспірімдер – 5, балалар 1 километрге жүгіруде. Ертең ересектер 21 және 10 километр қашықтыққа жарысады.

Марафон жеңімпаздары мен жүздегерлер медальмен, мадақтама қағазбен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Естелік медаль жарысқа қатысушылардың бәріне беріледі.

● ЭКОЛОГИЯ

Балқаш деңгейі көтеріледі

Биыл Балқаш көлінің деңгейі орта есеппен 32 см-ге көтерілді. Жыл басынан бүгінге дейін Алматы облысындағы Қапшағай су қоймасынан Балқаш көліне 8,52 млрд текше метр су жіберілді. Былтыр осы кезеңде бұл көрсеткіш 8 млрд текше метр болған.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Қапшағай су қоймасынан көлге жалпы көлемі 12 млрд текше метр су жіберу жоспарланып отыр. Балқаштағы су көлемі негізінен трансшекаралық Іле өзеніне байланысты, ал, оның ағысын Қапшағай су қоймасы реттеп отырады.

Биыл су қоймасы қатарынан екінші жыл 100% толды. Былтыр бұл нысан соңғы 10 жылда алғаш рет 100% толған болатын. Қапшағай су қоймасының толуы Алматы облысындағы Ақдала мен Шенгелді суармалы алқаптарын вегетациялық кезеңде сумен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

– Балқашты сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Биыл Француз

ғылыми консорциумымен бірлесіп ұйымдастырылған көл бассейнін зерттеу мақсатында ауқымды далалық экспедиция өткен болатын. Француз сарапшыларымен бірлесіп жүргізіліп жатқан жұмыс 2040 жылға дейінгі болжаммен Балқаш көлін сақтау бойынша жоспар әзірлеуге бағытталған. Бұл – былтыр Францияның Даму агенттігі және Геологиялық және тау-кен зерттеулері бюросымен бірге қол қолған ұшжақты келісім аясындағы жұмыс, – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Зандарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fin.kar@minfin.gov.kz

д

• ҚҰРМЕТ

Тоқсандағы тарпаң тарлан

«Тоғызыншы тілек тілеңіз, төреңіз тақтан таймасқа. Тоқсандағы қарт бабаң топқа жаяу бармасқа».
Бұқар жырау

Шежірелі де шұғылалы Шет жері ел жақсыларына кенде емес. Арамызда көненің көзіндей болып жүрген өнегелі жандар қаншама?! Сондай абыройлы жандардың бірі, ауданымыздың абыз ақсакалы – Марс Ерембекұлы Төлеуқұлов. Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Аяншыл ат арымас, Білім деген қарымас...» дегендей, Мәкең аяңмен, сабырмен, өмірдің қилы соқпақтарынан аман-есен өтіп, торқалы тоқсанның төріне жетіп отыр.

«Шеттің құты еді ғой»

Әдебиетке құштарлығымды ашқан, әсемдікке сезімдімді оятқан Бағаш Елубайқызы есімді ұстазым болды. Ішкі және сыртқы дүниесі жарасымды келіскен ондай жан сирек болар. Жас кезінде «Мы из Семиречья» киносында басты кейіпкер Райханның рөлін ойнаған. Сөз саптасы мен ой түйінінде ерекше сипаты бар. Хабарласып тұрамын. Бірде әр тақырыпқа әңгімелесіп келе жатып, ауыл жайында сөз қозғадық. Қалаға көшіп келгендердің ішінде Марс Ерембекұлының да бар екенін айттым. Ұстазым жұлып алғандай: «Марс неге көшіп келді? Ол – Шеттің құты еді ғой» деді. Бұл – Мәкеңмен бірге қызмет еткен нұрлы Нұранын бекзат қызының шынайы ойы еді.

Әрбір адамды бір-бір тұлға десек, тұлғаның қасиеті бір ауыз сөзбен түйінделетінін көріп отырмаз. Марс Ерембекұлының бүкіл саналы ғұмыры Шетке арналды. Қажырлы еңбегімен, әдепті мемлекетшілдік ұстанымымен, терең білімділігі әрі біліктілігімен, адамдық қарым-қатынасымен ауданның қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық дамуына айтарлықтай үлесін қосты. Жақсылармен қызметтес болып тәрбиеленді, азамат ретінде есейді. Өзі тәлімгерге айналып, жастарға қамқор болды.

Бүгінде қамқоршылары мен өнегелі ағаларын ілтипатпен еске алады. Олар – ұстазы Жабас Кеңесбаев, Камали Дүйсенбеков, Ермек Оразалин, Қасымбек Медиев, Мейрам Абақанов, Егінбай Смайылов, Кәрім Тілеубергенов, партия қызметкерлері, шаруашылық басшылары – Төкім Ысқақов пен Шәкен Қасымов.

Мәкеңнің өмір жолы тарау-тарау, оған сәл үнлейік. Ең алдымен ол – ұстаз, жоғарғы білімді. 1953-1966 жылдары үзбей білім саласында еңбек етті. Қайрақты руднигі, жетіжылдық мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1953-1954), Қызылту колхозы, жетіжылдық мектебінің директоры (1955-1957), Шет аудандық оқу бөлімінің инспекторы (1957-1961), Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектептің директоры (1961-1966) қызметін атқарды.

Білім саласында ізі қалды. Қызыл-тудың негізін қалаушылардың бірі болды. Ы.Алтынсарин мектебін басқарған жылдары оқушыларды оқыту-тәрбиелеу үрдісіне жаңа серпін берді, материалдық

базасын нығайтуға күш салды. Ескі ғимараттан жаңасына көшудің басы-қасында болды, жаңа ғимарат аталғанымен, қиындықтарды жеңе білді. «Мәкең білем ошақтарына құт-береке әкелді» десек, артық емес.

1962-1964 жылдар Мәкең үшін көңіл жүдеткен кез болды. Себебі, аудан орталығы Ақтоғайға ауысты. Ақсу-Аюлы қаңырап бос қалды, аудандық мекемелер жабылды. Поселкеге ие екі-ақ адам болды. Бірі – селолық кеңестің төрағасы Исатай Омаров, екіншісі – Мәкең.

Ғимараттардың сақталуына, халықтың көңіл-күйінің түспеуіне барын салды. Ыбырай Алтынсарин мектебі – ағартушы ғана емес, мәдени ошаққа айналды. «Шеттің құты еді ғой» деген қапысыз айтылған сөз осындай жағдайдан туындаған болар.

1966 жылы Марс Ерембекұлының өмірінде бетбұрыс болды, өмір арнасы жаңа бағытқа түсті. Партия-кеңес-кәсіподақ салаларында отыз жылдан астам тынбай, қажырлылықпен қызмет етуі басталды. Шет аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы, Орджоникидзе атындағы және «Ақшоқы» совхоздары парткомның хатшысы, аупарткомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудан әкімі аппаратының жетекшісі. Міне, қадау-қадау қызметтердің тізбесі. Қызмет барысында Мәкең мемлекетшіл, қоғам қайраткеріне айналды. Аудан үшін партия-кеңес кадрларын дайындауда, тәрбиелеуде әрі қалыптастырудағы еңбегі лайықты бағалауға тұрарлық. Ұзақ жылдар аудандық кәсіподақ комитетін басқарды, жергілікті органдарына сүйенді. Жиырма жылға жуық аупартком бюросы мен облыстық кәсіподақтар ұйымы президиумының мүшесі болуы көп нәрсені аңғартары анық.

Мәкең қызметтес те, сыйлас болған Қапас Кәрібекұлы мен Төлеген Қасымұлын, тәрбие-тәлімін алған, адалдығын танытқан, аупарткомның екінші хатшысы, аудандық кеңестің төрағасы болған Жанат Шәукенұлын, Жарық тораптық парткомның хатшысы, Ақсу-Аюлы селосының әкімінің қызметін атқарған Кенже Жақыбекұлын, бірнеше аудандардың әкімі болған Қайыржан Кәрімұлын, ақын Тезекбай Амандықұлын, ғалым, профессор Мәуен Хамзаұлын ерекше тебіреніспен еске алып, оларды мақтан тұтатындығын жиі айтады.



1991 жылы партия таратылды, сонынан аудандық кеңес қызметін тоқтатты. Қаншама өмір әрі қызмет тәжірибесі мол, білімді де білікті азаматтар жұмыссыз қалды. 1992 жылы әкім аппаратының басшысы болып тағайындалған Мәкең кешегі қайнаған қызметтен жаңа кезең жағдайына байланысты босағандарды қызметке тартты. Көпшілігі орнын тауып, бар тәжірибесімен елдік мүддеге сәй еңбек етті. Мәкеңнің осы тұстағы еңбегін ескерсек, «Марс – Шеттің құты еді ғой» деген сөз тағы да еске түседі.

Марс Ерембекұлының жарты ғасырдан астам уақытта созылған еңбегі еленді, бағаланды. Мәкең – «Құрмет белгісі» орденінің, «Ерен еңбегі үшін», «Ерен еңбек ардагері» медальдарының иегері, Қарағанды қаласының Құрметті ардагері, есімі облыстың ұлағатты ұстаздары энциклопедиясына енді, бастысы – Шет ауданының Құрметті азаматы.

Әрі ұстазым, әрі тәлімгерім

Шүкіршілік, өмір айдынында білімін берген, тәрбиесін көрген ағаларым аз кездескен жоқ. Солардың ішінде әрқашан жаныма жақын болып, жанашырлық танытқан жан – Марс Ерембекұлы.

1960-1964 жылдары 8-11 сыныпты аудан орталығындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте оқып, бітірдім. Бұл жылдарды ерекше бір жылылықпен еске алып отырамын. Алғашқыда қобалжу да болды. Алысқа шықпаған қыстақтың баласымын. Бірте-бірте үйренсе бастадым. Ауданның әр ауылынан келген сыныптастарыммен таныстым, соңы достыққа айналды.

Мектеп директоры – Марс Ерембекұлы. Оқуға деген жауапкершілік артты, «оқушы белсенділігі» деген ұғымға еніп кетіп, жүзеге асыра бастадық. Мектептің қоғамдық жұмыс қазаны қайнап жатты. Белсенділер қатарындамын, мектеп комсомол комитеті хатшыларының

бірімін (бірінші хатшы – досым Оңдасын Серіков) әрі интернат кеңесінің төрағасымын. Мен үшін биік мансап болып көрінеді.

Мәкеңе кіруге асығамыз. Есігі әрдайым ашық, кабинетіне емін-еркін, жасқанбай кіреміз. Іс-шараларды өткізу мәселесін тең кісідей талдаймыз, директор ретінде меселімізді қайтарып, белден басыу болған емес.

Бірде комсомол комитетінің отырысында бір-екі оқушының тәртібі қаралды. Үлгерімдері нашар, сабақтан жиі қалады. Талқылау басталды. «Комсомолдан шығару керек, мектептен пәлен күнге алыстау қажет» деген ұсыныстар түсті. «Қатал ескертумен шектелейік» дегендер де болды. Дауысқа салынды, тиісті шешім, дауыс жетпегендіктен, қабылданбады, екі жақ та тұйыққа тірелді. Мәкең бәрін соңына дейін байыппен тыңдап, айтылған сын-пікірлердің теріс емес екендігін айтып, «Тағы басқа қандай ұсыныстарың бар?» деп сұрады. Оңдасын Мәкеңнің жылы лебізінен бірденені сезген болу керек: «Комсомол мүшелеріне түзелу үшін сынақ мерзімін берейік» дегені. Ұсыныс өтті, бәрі «уһ» деп жеңілдегендей болды. Басшының шеберлігі өз ойын шәкірті арқылы жеткізе білуінде болды.

Басқа салалардан да (көркемөнерпаз, спорт) көш соңында қалмадық. Ақтоғайға, жаңа аудан орталығына, мектеп спартакиадасына екі рет 1963-1964 жылдары бардық. Мен болсам, бәйгені шаппай-ақ алдым. Себебі, дискіні әуелете жіберуден, ядроны серпуден қарсылас шықпады.

Осылайша, мектептегі өміріміз қызықты болып, өтіп жатты. 1964 жылы емтиханды бір айдай тапсырып, аттестатты Мәкең салтанатты жағдайда тапсырды. Қыр басында, бұрынғы Мәдениет үйінде ата-аналарымыз шақырылып, тамаша кеш өткізілді. Естен кетпес оқиға болды. Ұстаздар мен ата-аналарымыз бізге, түлектерге, ажол тіледі, болашаққа жол сілтеді. Қанатымызды қамдап, алыс сапарларға ұшуға қамдандық. Қайран, жастық шақ-ай!

Уақыт өтіп жатты, ұстаздық-шәкірттік жылы қарым-қатынасымыз үзілген жоқ, кездескен жерде мектептегі өмірді еске алатынбыз.

Сөйтіп жүргенде, 80-жылдардың басында Марс Ерембекұлымен аупарткомда бірге қызмет ету маңдайыма бұйырды. Мәкең – ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, мен – нұсқаушымын. Мәкең шыңдалған, саликалы қызметкерге айналған, менің де бірсыпыра өмір тәжірибем болса да, көп нәрсені үйрендім. Жүріп-тұрудан бастап, қызметкерлермен, жалпы адамдармен қарым-қатынаста сынақ болып, өз ұстанымын қорғай білуді үйретті, яғни, партиялық әдептің қатаң сақталуын талап етті.

Құжаттарды рәсімдеудің өзіне тән ережесі, қағидасы бар еді. Ресми іс қағаздарын жазу, әсіресе, өндірістен тікелей келген азаматтарға қиын болды, шы-

дай алмай, мамандығына қайта оралуға сұранғандар да кезікті. Орныққан ахуал оларды райынан қайтарды. Кейін олар да көнігі мемлекеттік қызметкерге айналды. Құжат рәсімдеу дегенде, Мәкеңнің әрбір сөйлемнің, әрбір жолдың астына сызғышты қойып, талапты қоя отырып, талдайтыны әлі есімде. Артық та, кем де болмау керек.

Ұйымдастыру бөлімі барлық атқарылатын іс-шараның ұйымдастырушысы болды. Меңгерушісі Мәкеңнің білімділігі мен біліктілігіне көзіміз жетті. Конференция, пленум, актив, бюро мәжілістерінде шешен сөйлеп, ұсыныстарын батыл айтатын әрі сөзін өткізе алатын, қалыптасқан мемлекеттік қызметкер екенін көрсете білді.

Мәкең зейнеткерлікке шыққан соң қалаға қоныстанды. Қарап отырмады. Қарағанды политехникалық колледжі мұражайының меңгерушісі міндетін атқарды. Оқу ошағының тарихын бір ізге түсіріп жүйеленуіне әрі қазақ тілінің мәртебесі артуына атсалысты. Осы жерде жолымыз тағы да түйісті.

Қаланың қоғамдық жұмыстарына белсене қатысты, қала ардагерлер кеңесінің мүшесі ретінде көмекке зәру жандардың үйін аралап, зейнеткерлермен жұмысты жақсартудың жолдарын орнымен көтере білді.

Қазіргі уақытта Мәкең бала-шағасының ыстық қамқорлығында, алаңсыз өмір сүріп жатыр. Көпшіліктің есінде инабатты жан, ұлағатты ұстаз ретінде қалған аяулы жары Роза Ыбрайқызынан айырылуы, етжақындарының дүниеден озуы, өзінің денсаулығына байланысты ауыр оталарды жасатуы, әрине, жүрегіне салмақ салды. Бірақ, Мәкең өзін-өзі қайрады, мұқалмады, ұрпағын жігерлендірді. Балалары әр салада еңбек етуде, немерелері өмір сахнасына шыға бастады, шөберелері қуат беруде.

Бәріне тоқтамай, кенжесі мен бір немересіне тоқталуды жөн көрдім. Қазір Мәкеңнің жанында – кенжесі Бауыржан мен келіні Гүлім. Екеуі – тірегі, қос қанаты. Олардың арқасында Мәкең барғысы келген жеріне бара алады. Замандастарын, сыйластарын шақырып, дастарқан жайғысы келсе, есігі ашық. Екеуі Мәкеңнің қас-қабағына қарайды, кірбін түсірмейді, одан артық не керек?!

Мақаланың шекесінде келтірген Бұқар жырау толғауынан «Тоқсандағы қарт бабан, топқа жаяу бармасқа» деген екі жолын еске салғым келеді. «Жаяу бармасқа», мағынасы түсінікті, түп негізі – құрметтеу. Тоқсандағы Марс Ерембекұлы қандай дәрежеде ардақталады? Ол Мәкеңнің еңбегі сіңген елінің басшы, зиялы азаматтарының қолында, ниетінде.

Құрметті Мәке, торқалы 90 жасыңыз құтты болсын, Алланың берген жасын жасай беріңіз!

Ғұмырыңыз қызыққа толсын! Ұрпақтарыңыз өсіп-өне берсін!

Марат ТҮСІП,
шәкірті

• КЕШ

Ауылы азаматын ардақтады

Ақтөбе ауылдық клубында ауылының мақтанышы, өлкетанушы, қаламгер Қабиден Байбосин ағамыздың шығармашылық жолына арналған әдеби сазды кеш өтті. Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын қаламгердің шығармашылық кешіне арнайы келіп, қатысып, құттықтау хатын табыстады.

Туған мекеніне деген құрметін, өскен ортасына деген алғысын қаламмен қағаз бетіне түсірген, ауылының шырайын ашуда атқарған еңбегі зор ардақты азаматтың кешіне Ақтөбе ауылдық округінің әкімі Болатбек Қазатай, қаламгердің жерлестері мен туған-туысқандары арнайы қонақ ретінде келіп, қатысты.

Өткенге тағзым етіп, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың қадірін арттырған Ұлы Жеңіс күніне биыл 80 жыл. Осы Ұлы Жеңістің артында тоқсан тараулы тарихтың тағдыры, қанша ұрпақтың көз жасы, жүрек жарасы жатыр. Сол ұмытылмас кезеңнің үнін, боздақтардың жүзін, оқ пен оттың ортасында өмірін қиған ерлердің есімін қағаз бетіне түсіріп, келешекке аманат еткен санаулы азаматтардың бірі – Қабиден Байбосин ағамыз. Ол – дерекші емес, жүрекпен жазатын жазушы. Ауылдан майдаңға аттанған талай боздақтың тағдырын түгендеп, қағазға қаттап, әр жолына жанын салғанын көргендер: «Қабиден аға архив емес – шырақшы» – дейді. Себебі, жазылған кейіпкерлері қиялдан туған бейнелер емес, нақты өмірде болған адамдар. Ағамыздың шығармаларынан оқ пен оттың иісі аңқиды, ананың жылаған дауысы естіледі, жесірдің зары, жетімнің жанарындағы мұң сезіледі.

Туған мекеніне сыйлы азаматтың ең үлкен марапаты – ауылдастарынан алған алғысы мен жинаған абыройы. Бүгінде ел алғысын арқалаған Атымтай жомарт жанның ел басына ауыр күндерді тудырған дәуірдің шыңдығы мен болмысын көркем түрде бейнелеп, қағаз бетіне түсірген шығармалары әдебиет төріне жайғасып, халқының көңілінен шықты.

Қаламгер азамат Қабиден Байбосин 1948 жылы 16 желтоқсанда Ақтөбе ауылында туған, орта мектепті аяқтаған соң мал шаруашылығы техникумын, Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген. 1973-2003 жылдар аралығында Амангелді атындағы совхозда бас мал дәрігері, экономист, бас экономист, бастауыш партия ұйымының хатшысы, №1 орталық Ақтөбе бөлімшесінің басқарушысы, Ақтөбе ауылдық округінің әкімі қызметтерін атқарған. 2003-2017 жылдарда Қарағанды «Нәтиже» сүт комбинатының сүт өнімдерін дайындау бөлімінің меңгерушісі, завод директорының сүт өнімдері жөнінде міндетін атқарушы қызметтерінде болған.

Елі, жері, ауылының сұлу табиғатын суреттесем деп қолына қалам алған қаламгердің «Жылдар жылжып жылыстап» ауылға деген ыстық ықыластан, туған жерге деген махаббаттан тұратын «Ауылым Сарыарқаның кіндігінде», «Арайлы ауылым – Ақтөбе» атты кітаптары жарық көрген. Қазіргі таңда құрметті зейнет демалысындағы Қабиден Байбосин Қарағанды қаласында тұрады.

Еліне қадірлі, жұртына сыйлы азаматтың өмір жолын, шығармашылық мұрасын насихаттауды, жас ұрпаққа үлгі етуді мақсат еткен шығармашылық кештің шымылдығы «Үлдер» тобының биімен ашылды.

Аудан әкімі Ерлан Құсайын «Қаламыңыздан шыққан шығармаларыңыз бүгінде ел аузынан түспей, көңілінен шықты. Өлі де туындынызбен баршамызды қуанта беретініңізге сенімдімін. Шығармашылығыңыз шыңдала берсін» деп, құттықтау хатын табыстап, қаламгердің иығына шапан жауып, сый-құрмет көрсетті.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяков, Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Өзбек Бимендин, Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы +Тілеубек Камалиев, Бұқар жырау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Исабаев жүрекжарлы лебіздерін білдіріп, ардагерлер қозғалысына қосқан үлесі, ауыл тарихын жасауға сіңірген еңбегі үшін Алғыс хат табыстады.

Қабиден Байбосиннің құрметіне арналған кеште арнайы қонақ болып, төрден орын алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяков пен парталас, замандас сыныптастары осы шараның тікелей ұйымдастырушылары екендігін айта кеткіміз келеді. Кеш барысында Ғабит Тұяков сахнаға шығып, Қабиден Байбосинмен бірге өткен бала күнгі естеліктерімен бөлісіп, «Бірге өскен достарға» өлеңін оқып берді. Көмейінен жыр тамған, тыңдаған жұртты тамсандырған, сахна төрінде асқақтатып ән салған, өзі оқыған Ақтөбе орта мектебінде ұстаздық еткен зейнеткер Рымкеш Төлеубайқызы сахна төрінде ақ жүректен шыққан ізгі тілеген арнап, «Замандасқа» атты әнін орындап замды. Кеш месінің замандасы Еркетай Жүнісқызы жылы лебізін жеткізді.



Туған ауылының тарихында орны бөлек тұлғалар жайлы қалам тербеп, туған өлкенің гүлденуіне еңбек еткен Қабиден Байбосиннің бірге қызметтес болған замандасы, Нұра ауданынан арнайы келген Мәжит Иманбеков пен Қарағанды Жоғары медициналық интерколледжінің бас директоры Аманжол Нұрбеков ақ тілектерін арнады.

Сондай-ақ, шығармашылық кеш барысында қаламгердің өмір жолы мен әдеби мұрасы кенінен таныстырылып, оның өлендері оқылды. Кешке қатысушылар оның шығармашылығына жоғары баға беріп, қазақ әдебиетіне қосқан үлесін атап өтті.

Қабиден Байбосин – қос жанрды бір-

дей алып келе жатқан қаламгер. Ол жүрегін жарып шыққан жалынды жырларымен бірге сабақты, тарихи-тағылымға толы әңгімелер де жазады. Туған ауылының тамылжыған табиғатын, қонақжай жерлестерінің тағдырын көріп, естіп өскен қаламгердің жазбаларында өміршендік, шынайылық бар. Туған жерінің тарихында орны ерек тұлғалардың ғұмырын шығармашылығы арқылы мәңгілік ете білген қаламгердің жазбалары ұрпаққа аманат, елге өнеге, тарихқа тағзым болып қалары сөзсіз.

Б.ЖАКЕШОВА

Суретті түсірген
Ж.МАКИШЕВ

Қайрат Кемалұлы КЕМАЛОВ

Құрметті жерлестер!

Құрметті Қайрат Кемалұлының отбасы, туған-туыстары!

Асыл жан, белгілі актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері Қайрат Кемалұлы ортамыздан алыстап, бақиға аттанып отыр. Бұл – баршамызға ортақ қайғы.

Дара дарын иесі 1978 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерватория-сының театр факультетін драма актері мамандығы бойынша тәмамдағаннан бастап М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік драма театры, Ақмола қазақ музыкалық-драма театры және өзіміздің Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры сынды іргелі өнер шаңырақтарында көп жылдар бойы жемісті еңбек еткенін өнерсүйер қауым жақсы біледі.

Оның актерлік шеберлігі мен тума таланты мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанды. Қайрат Кемалұлы театр мен кинода жүзден астам рөлдерді сомдап, көрерменнің ыстық

ықыласына бөленді. Оның шынайылықпен сомдаған әрбір рөлі қазақ театр және кино өнерінің алтын қорына қосылған құнды мұра болып қала бермек.

Қайрат Кемалұлы тек талантты актер ғана емес, ақжарқын, адал мінезді, адамгершілігі мол азамат, әріптестері мен кейінгі буын өкілдері үшін үлгі тұтар тұлға еді. Оның жарқын бейнесі әріптестері мен өнерсүйер қауымның жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына, әріптестеріне және барша өнерсүйер қауымға қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз, сабыр тілейміз!

Иман байлығын берсін!

**Е.БӨЛЕКПАЕВ, Н.КОБЖАНОВ,
А.ТАЙЖАНОВ, Е.АЛПЫСОВ,
Б.АСАНОВ, Ә.ӘЛДЕНЕЙ,
О.ТАУРБЕКОВ, Е.ҒАЛИЕВ,
Н.БИКЕНОВ, Ғ.ӨТЕЛБАЙҰЛЫ,
Б.АЛТЫНБЕКОВ, Р.ОМАРБЕКОВА**



Азаматтық болмысы бөлек еді...

Қарағанды қаласының мәдени және қоғамдық өміріне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті тұлға, театр және кино өнерінің майталманы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Қайрат Кемалұлы Кемаловтың өмірден озуына байланысты қайғырып, жақындары мен туған-туыстарына, замандастарына және барша өнер қауымына Қарағанды қаласы әкімдігі атынан көңіл айтамыз.

Қайрат Кемалұлы – саналы ғұмырын ұлттық мәдениеттің дамуына арнаған, өз ісіне адал, дарынды актер ретінде ел есінде қалды. Оның театр сахнасындағы және кино сахнасындағы рөлдері – кәсіби шеберлік пен көркемдік тереңдіктің үлгісі.

Ол «Қазақ хандығы» тарихи телехикаясында сомдаған Керей ханның бейнесі арқылы көрерменге тек актерлік талантын ғана емес, ұлт тарихына деген құрметін де көрсете білді. Бұл рөлі оны бүкіл халыққа кеңінен танытты.

Қайрат Кемалұлы тек сахнадағы өнерімен ғана емес, азаматтық болмысымен де көпке үлгі болды. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы ретінде туған жерінің рухани дамуына сүбелі үлес қосты, жас ұрпаққа үлгі көрсетті.

Марқұмның жарқын бейнесі ел жадында мәңгі сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

М.КОЖУХОВ,
Қарағанды қаласының әкімі

Хош бол, Қаракөктің тұқымы!

Менің осы 75 жаста көрген қазақтағы Қаракөктің* тұқымының бір көзі осы еді. Еуропада бұларды «Аристократ» дейді. Жұртын жұрт, ұлтын ұлт қылып отырған ақсүйектің тұқымы бұлар. Оларды бір кезде аштық, сталиндік репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс, Желтоқсан қырғыны айпап-жайпап өткен!

Орыс отаршылығының 30 жылы, соңғы құлдық қамытын кигізген 30 жыл қазқты ұлттық қасиетінен айырып, шаршатып-шалдықтырып, қажытып кетіп еді. Қазақ халқы көзінің қарасындай осы аздаған шоғырдың арқасында жойылудан аман қалған. Қазір Құнанбайлар отырған жерде именбей майбасарлар сөйлей бастаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Құдай артының қайырын берсін де.

Таракты*

Қуандықпен* қатар қонып,
Гүл-Тәжін әкелді ғой жаһанға өріп;
Тұқымы Қаракөктің,
Аузын ашса,
Әр сөзі төгілетін мақал болып;
Алашты жалт қаратқан осы тұқым –
Акселеу Сейдімбегі –
Ахаң болып!
Қайратың* –
Керей хан боп төске өрледі,
Елуде мұртын сипап, сақал қойып;
Серінің сертке таққан семсеріндей,
Сен шықтың енді содан Жақан болып!..

* Таракты,

* Қуандық – ру аттары

* Қайрат Кемалов – Керей ханды сомдаған актер, екеуі де Ахаңның немере інілері

Хош, сағ алтынның сынығы! Сенің орның Ахаңнан кейін Аркада біраз уақыт үңірейіп тұрады енді...

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Ел жадынан өшпейді

Жаксы өнерпаз елдің құты, халықтың қазынасы ғой. Өнерде өшпес із қалдырған жанның қазасын қабылдау да қиын, есту де ауыр.

Қайрат бауырым кәсіби актер ғана емес, зиялы азамат, достыққа берік сертшіл жан еді. Кейде шын өнердің мақсаты не десе, шын өнердің мұраты жаны ояу, жүрегі жұмсақ қоғам қалыптастыру деп жауап берер едім.

Алып жүректі Қайрат інімнің «Қазақ хандығы» сериалында Керей ханның образын сенімді

сомдағаны баршаға аян. Тарихи сериал тарихта қалды. Керей хан бейнесі мәңгі ұмытылмайды.

Зор талант несі өмірден көшкенмен, оның сомдаған образдары халықтың жадынан өшпейтініне кәміл сенемін. Еліне сіңірген еңбегі бар азаматты Мағжанша айтқанда, ел де, жел де, бел де есінде сақтайды.

Қаза қайырлы болсын, ағайын!

Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ,
профессор

Періште тектес адам еді

Шынайы талант, дарабоз өнерпаз Қайрат інім дүниеден өтті. Таяуда ғана сөйлескенбіз. «Өнерден алыстау адаммын» депсіз ғой, аға. Керей хан бейнесіне қатысты мақалаңызды елге көрсетіп, мақтанып жүремін», – дегеніне соншалықты мән бермеп едім... Кейінде «бақиға аттанатынын сезіп, айтқаны ма» деп, ойға батып жүрмін. Өмір – мұрат, өлім – ақиқат. Ол ешуақытта көмескіленбес бейнелерді театрда да, кинода да сомдады. Ол рөлді ойнаған жоқ, сол кейіпкерге айналып кеткендей әсер

қалдыратын. Ол періште тектес адам еді. Қазақтың дербес ханы Керей бейнесін сомдау арқылы ол сол бір аласапыран кезеңнің келбетіне «адам – уақыт – парыз» ұштағанын енгізді. Тал бесік пен жер бесіктің арасындағы келте ғұмырдың мән-маңызын, мазмұнын баршамызға сездіріп еді. Енді басталатын екінші ғұмырында да сол ұстаным ту болатыны анық.

Мәуен ХАМЗИН,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Қайран да қайран өмір-ай!

Қайран да, қайран өмір-ай,
Өзенің ернеуін опыра бердің ғой,
Кеудемізді көрік қып от ұра бердің ғой.
Қарағандының қабарған бұлтын жамылып,
Егілген орнымда отыра бердім ғой...

Қайран да, қайран өмір-ай,
Қайрат Асқарды қыркында қиып едің ғой,
Еңіреп тұрып, есімді енді жиып едім ғой.
Қарағандыны Қайратсыз қалдырғың келе ме?!
Тынымсыз өлім, тұйық өмір ғой.

Қайран да, қайран өмір-ай,
Алма ағашты сілкілегендей Қарағандыны
сілкіледің ғой,
Қарағанды дейтін кәрі ағаш, бір түп едім ғой.
Қайрақен де кетті, қайрылмас жаққа маң басып,
Ей, жалған, ішің өмір, сыртың өлім ғой..

Қайран да, қайран өмір-ай,
Отырған жерімде ойым құрттап кеткендей отыра
бердім ғой,
Жалмандаған жар толқындай ернеуінді опыра
бердің ғой.
Жайсаңдарымның жақсылығын тірлікте білмей,
Өлген соң құлыптасын құшақтап опына
бердім ғой.

Қайран да, қайран өмір-ай...

Жанат ЖАҢҚАШҰЛЫ

Киелі сахнаның кемеңгері



Қазақ Ұлттық театр және кино өнерінің бірегей тұлғасы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалұлы Кемалов 68-ге қараған шағында өмірден өтті. Қайрат Кемалов 1958 жылы Ұлытау облысының (бұрынғы Жезқазған) Жаңаарқа ауданындағы Атасу кентінде туған.

Ол 1978 жылы Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясын драма театр актері мамандығы бойынша бітіргеннен бері театр мен кино өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосты.

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында, Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театрында актер болып қызмет етсе, ғұмырының соңына дейін С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында жемісті еңбек етті. Қазақ кино өнері саласында да өзіндік қолтаңбасын қалдырып,

шеберлікпен сомдалған Керей хан образы үшін «XXI ғасырдағы қазақ ханы» атанды.

Жарты ғасырдай театр сахнасында қызмет еткенде жарқыраған рөлдері: Ғабит Мүсірепов «Ақан Сері» – Ақан, Сәкен Сейфуллин «Қызыл сұңқарлар» – Еркебұлан, Уильям Шекспир «Отелло» – Отелло, Шерхан Мұртаза «Домалақ ана» – Бәйдібек би, Мұхтар Әуезов «Абай» – Абай, «Айман-Шолпан» – Арыстан, Мирза Ахундов «Мусье Жордан» – Масталишах дәруіш, Жолтай Әлмашұлы «Сәкеннің соңғы сапары» – Сәкен, Мар Барджиев «Ғашықтың тілі» – Мұқамбет және тағы басқа кейіптеген бейнелері көрермен көкейінде.

Кино саласында: Смағұл Елубай «Ақ боз үй» – би Пахраддин, Рүстем Әбдірашев «Қазақ хандығы» – Керей хан образдары таспаланған мәңгілік бейнелер.

2009 жылы XVII Респу-

бликалық фестивалде Абай рөлін сәтті шығарғаны үшін (М.Әуезов «Абай») Гран-при жүлдесіне ие болды.

2017 жылы Кинематография саласындағы «Тұлпар-2017» ұлттық сыйлығымен марапатталды. Режиссер Р.Әбдірашевтің «Қазақ хандығы: Алмас қылыш» фильміндегі Керей хан рөлі үшін «Үздік ер адам рөлі» жүлдесін жеңіп алған.

2023 жылы Түркияның Борсу қаласында өткен «Қорқыт Ата» Халықаралық Түркі әлемі кинофестивалінде, «Ақ боз үй» көркем фильміндегі Пахраддин рөлі үшін «Үздік ер адам рөлі» жүлдесімен, Африканың Камерун қаласында өткен Халықаралық кинофестивальде «Ақ боз үйдегі» осы рөлі тағы да «Үздік ер адам рөлі» жүлдесімен марапатталды.

2024 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекетіміздің мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Парасат» орденімен марапатталған Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, киелі сахнаның кемеңгері, әріптестің алғыры Қайрат Кемалұлы ағамыздың көркем бейнесі мәңгілік жүрегімізде сақталады.

Бақұл бол, қайран аға! Театрымыздың тірегі, ұлттық өнеріміздің жүрегі – Сіз мәңгі жасайсыз!

Құрман ҚАЛЫМОВ,
театр басшысы және
С.Сейфуллин атындағы
Қарағанды
облыстық академиялық
қазақ драма
театрының ұжымы

Қайталанбас қайран Қайрекен...

Қазақ өнері тағы да қара жамылды – дүниеден театр және кино актері, әнші, көркемсөз оқудың шебері, аталы сөздің һәм ұлт тарихының білгірі, бір ауыз сөзбен айтқанда, сегіз қырлы, бір сырлы азамат, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалұлы дүниеден өтті.

Қайрекенді, оның театрда ойнаған рөлдерін бұрыннан білгенмен, жете танығаным 2002 жылдан. Ол қызмет жасайтын Сәкен Сейфуллин атындағы театрдың құрылғанына 70 жыл толуы қарсаңында «Орталық Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Мағауия Сембай марқұм журналистерге өнер ордасының тұлғалы актерлері туралы суреттеме, очерк, эсселер жазуға тапсырма берді. Менің үлесіме Қайрекен тиді. Театр ол кезде К.Станиславский атындағы орыс тілді әріптестерінің баспанасын паналап отырған. Аталған ғимараттағы қызмет бөлмесіне барып, екі-үш сағат әңгімелестік: Қайрекеннің қазақ мәдениеті жайлы көл-көсір біліміне, ұлт әдебиетінің – фольклорының, прозасы мен поэзиясының қаймағын қалқып айтқан әңгімесіне сол жолы таң-тамаша қалған едім.

Театрда алған әсермен бірер күнде эссені жазып болған соң оқып, пікір білдіруін өтініп Қайрекенді газет редакциясына шақырдым. Туынды ұнаған болуы керек, Қазақ тарихы мен әдебиеті тақырыбына тағы біраз жақсы әңгіме өрбіттік. Шығарма «Орталық Қазақстанның» алдағы санына «Аңсау» деген атаумен басылды. Қайрекенмен достығымыз осылай басталды.

2005 жылы Мәди Бөпиұлының туғанына 125 жыл толуына орай Сәкен театрының актері Сламбек Жұмағали досым екеуміз бірігіп жазған «Сұрасаң, Мәди еді менің атым» деген тарихи драманы Рамазан Баймағанбетов марқұм қойған еді. Қайрекен мұнда басты кейіпкерді, Мәдидің рөлін сомдады. Келесі жылы кейін қазақ театр өнерінің тарланы, даңқты режиссер Маман Байсеркенов ағамыз Сейфуллин театрында У.Шекспирдің «Отелло» трагедиясын сахналады. Қайрекен мұнда да бас кейіпкердің рөлінде ойнады. Сыртқы тұлғасы ұқсас бейнелер, екеуі де серттің адамы болғанымен, ішкі жан дүниесі дара-дара кейіпкерлер. Қайрекен қазақ салт-серілерінің соңғы саркыты Мәдиді

ұлттың жокшысы, халық батыры, күрескері деңгейінде шығарса, әлем білетін Отеллоны қанша ер болса да, өзгенің сөзіне ергіш, дербес ой-пікірі жоқ сорлы жан етіп көрсетті. Шеберлігімен көрерменді тәнті етті.

«Қазақ хандығы» киноэпопеясындағы Керей хан рөлін ауызға алмау мүмкін емес. Осындай кесек бейнелерді кескіндейтін талантты актерлерді «Қазақфильм» провинциялардан іздемей, Алматы мен Астананы айналышқтай береді. Бұлай айтудағы мақсатымыз, Қайрекен киногерлер назарына ертерек шалынса, көгілдір экранның бетінде талай қайталанбас бейнелер қалдыру еді ғой деген өкініш. Дегенмен, оның соңына қалдырған осы мұраларының өзіне шүкіршілік дейміз.

Ұлттық мәдениетіміздің қайталанбас тұлғасы келместің кемесіне мінді. Марқұмның топырағы торқа болсын дей келе, Қайрекеннің отбасына, туған-туыстарына және қазақ өнерінің барлық өкілдері мен жана-шырларына қатты қайғырып көңіл айтамын!

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
Қазақстанның Мәдениет қайраткері

Қазақ театр және кино өнерінің белгілі актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Қайрат КЕМАЛОВ

дүниеден озды. Бар саналы ғұмырын өнерге арнап, қазақтың атақты батырлары мен хандарының, би-болыстарының, шетел әдебиетінің озық кейіпкерлерінің бейнесін, классикалық шығармалардағы үздік рөлдерді жандандырып, ұлттық мәдениет тарихының бетінде өзінің өшпес ізін қалдырды.

Топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын. Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік отбасына, туғандарына, барша қазақ еліне қайғыра көңіл айтады.

№272

«Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы қазақ театр және кино өнерінің белгілі актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Қайрат КЕМАЛОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryaqqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы қазақ театр және кино өнерінің белгілі актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Қайрат КЕМАЛОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Saryaqqa» телеарнасының ұжымы қазақ театр және кино өнерінің белгілі актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Қайрат КЕМАЛОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ДӘСТҮР

Атадан қалған игі салт

Өмірі мен қызметін ұлтының тағдырымен біріктірген, атақ-даңқы ру мен тайпа шегінен асып кеткен ата-бабалардың рухына құрмет көрсету, алыс-жақынға сауын айтып, ас беру – халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан жақсы дәстүрлерінің бірі. Ұлан-асыр астың үстінде ортақ әулеттен тараған адамдар өздерінің туыстық байланыстарын қайта жаңғыртып, жөн сұрасады, тонның ішкі бауындай араласып, танысады. Жақын ағайындылар бір-біріне жана-шырлық танытып, қиын жағдайға тап болған бауырларына көмек береді. Туыстық жөнін білгендер жеті атаға дейін қыз алыспайды, қан тазалығын сақтайды. Ұлттың болашағы үшін мұның маңызы зор. Дербес руға айналып кеткен алыс ағайындар сүйек жаңғыртып, құдаласады.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Балкантаудың баурында ескерткіш белгісі ашылып, республика көлемінен қонақтар шақырылған Жарылғап батырға келетін болсақ, бұл жиынның орынды да мәнді себептері бар. Біріншіден, өз дәуірінің танымал тұлғасы, есімі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде Абылай ханмен қатар аталатын адам. Екіншіден, рулы елге есімі берілген батырдың кіндігінен ел тұтқасын ұстаған Ақайдың Қасені сияқты көсемдер мен Нығмет Нұрмаков тәрізді қоғам қайраткерлері, Балта мен Айтбай сынды аузы дуалы ақындар мен Ғаббас пен Қуан Лекеровтей көмекейіне бұлбұл ұялаған әншілер, беріде ғалымдар мен қаламгерлер тарады. Мәлдір бұлақтың бастауында тұрған сол аруаққа құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақтың парызы. Үшіншіден, қазақ жұрты ру-тайпалардан құралса да, бағзы дәуірлерден бастап, Ресей империясының отарлығы өрістегенге дейін әулет-әулетімен бірге қоныстанып, туыстық бірлігін берік сақтаған еді. Орыс патшалығының отарлығымен бірге келген түрлі апаттар, әсіресе, қазақтарды күштеп отырықшыландыру, аштық нәубетін ұйымдастыру, саяси қуғын-сүргін, қолдан жасалған басқа да тозақтар салдарынан халқымыздың басынан адам санасына сый-



майтын қиындықтар өтті. Кеңес билігі шаруалардың күнкөрістік малын тартып алып, қазақты аштан қырған, саяси қуғын-сүргінге ұшыратқан жылдары Ағыс Қудың батыс бетін қоныстанған Жарылғап ұрпақтарының аман қалғандары да босқыңа түскен елмен бірге жан сауғалап, жер бетіне тарыдай шашылып кетті. Солардың бәрі болмаса да біразының осы жиын болатынын кестіген ұрпақтары бастарын қосып, шұққырай табысты. Токсаныншы жылдардың тоқырауы тұсында, әсіресе Қазыбек би атындағы аудан жабылғаннан кейін кәсіп іздеп кеткен туыстар бір-бірімен қайта танысып, білісті.

Сондықтан, Жарылғап батырға берілген ас сауабы мол шара болды деп сеніммен айта аламыз.

Ас іс-шарасы Ағыс-Қудың батыс бетіндегі Жарылғап ұрпақтары үш ғасырдан бері қоныстанып келе жатқан өңірге қарай Егіндібұлақ ауылынан шыға берістегі Ақкөзенге батырдың құрметіне белгі тас қоюмен басталды. Оның лентасын кию құрметі осы әулеттің қадірлі өкілдері Серік Әлімов, Рымбала Омарбекова мен Санабек Шошаевқа берілді.

Егіндібұлақтың шығыс бетіндегі негізгі шаралар Абылай хан мен Жарылғап батырдың кездесуі арқау болған театрландырылған қойылыммен жалғасты. Асқа жиналғандарды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова, облыстың дене шынықтыру және спорт



концерттік бағдарлама ұзақты күнге жалғасып жатты. Оған республика көрермендеріне танымал Ержан Базарбеков, Қазыбек Әдікей, Медет Осатаев, Нұрлытаң Саятқызы, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі сияқты кәсіпқой өнер шеберлерімен қатар жергілікті көркемөнерпаздар ұжымдарының мүшелері, Жарылғап ұрпақтары да қатысты. Гала-концертте Айнуір Әбдуәлиева, Тамара Асар, Нұржан Мәстүра, Балауса Әбдуәлиева, Нұрболат Еренғайып, «Үш жүз» тобы, «Алатау серілері», басқа да өнер шеберлері Егіндібұлақ аспанын әнге бөлесе, кешті Амангелді Ахметжанов түйіндеді.

Астың алдында Егіндібұлақ ауылының имамы Рүстем Ғаббасов батыр бабаның аруағына дұға бағыштады.

Ас пен тойдың сәні – ұлттық спорт ойындары. Оны көкпаршылар бір күн бұрын іріктеу жарысымен бастаған еді. Екінші күні финалдық кездесулер өтіп, I орынды Қарағандының СМК, II орынды Қарағайлы кентінің, III орынды Баянауылдың (Павлодар облысы) «Қызылтау» командалары иеленді.

Кейінгі жылдары дәстүрге айналған қой көтеру жарысында Темірлан Отанұлы мен Жұмат Апашев ерледі. Кір тасын көтеруде жүлделі орындарды Арыслан Құсайынов, Ернат Отыншин, Танат Бердалин бөлісті. Қол күресінде алғашқы төрт орынды Азат Қарашолаков, Нияз Рысбай, Алексей Сазанов, Елдос Бағыт иеленді. Арқан тартыста Қасым Аманжолов ауылынан келгендер қарсылас шыдаппады. II орынды «Егіндібұлақ-2», III орынды Қарағайлы темір жолы, IV орынды Ақбай-Қызылбай ауылының командалары алды. Садақ тартуда астаналықтар Ербол Тапенов пен Жангелді Өрен алғашқы екі орынды бөліссе, үшінші жүлде қарағандылық Қуан Ақшоловқа бұйырды.

Күрес 66 және 74 келіге дейінгі салмақтарда өтті. Алғашқысында Қаражал қаласынан барған Қалыш Еренғайып – I, басталдық Санжар Қанафин – II, Босагадан барған Мадияр Қарғұлов III орыннан көрінді. 74 келіде жаңаарқалық Әбілқайыр Мәдениін жеңімпаз болып, кенттік Әділет Құсайын – II, қарқаралылық Нұрхан Қуатбек III орын алды. «Түйе балуандар» белдесуінде Бұқар жырау өкілі Ерғанат Молдағұлов жеңіс тұғырына көтерілді. Шымкент шаһарының балуаны Қайсар Шамшидинов – II, шеттік Ақжігіт Оралов III орын иеленді.

Тай жарыста Тоғызқұдықтан барған Боран Тергеубектің «Айзасы» озып келді. Шабандозы Сабалақ есімді бала. Екінші орын өсібайлық Асылназдың «Сәулешкасына» бұйырды. Шабандозы – Әмір. Ынтыалы ауылының «Көкжидесі» үшінші орыннан көрінді. Ат иесі – Жаңбырбай, шабандозы – Мейіржан.

Аламан бәйгеде алдыңғы бес атқа жүлде берілді. Нұраның Ақмешітінен барған Намыс Нуриннің «Көкшоқайы» 26 аттың алдында келді. Шабандозы – Сабалақ. Маңғыстаудан ат арытып жеткен Нұртас деген азаматтың «Тастүлегі» – II (шабандозы – Айдар), астаналық Бақыт Торғасвтың «Манчестрі» – III (шабандозы – Жоламан), бұқаржыраулық Бейімбет Смайловтың «Алтын қаскасы» – IV (шабандозы – Мұхаммед), егіндібұлақтық Дулат Төлеубаевтың «Қанторысы» V (шабандозы – Жани) орын иеленді.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дейді халқымыз. Осыншама дайындық жұмысы жүргізілген мереке бір-екі күнде дүркіреп өте шықты. Тек соның қазіргі жастарға, келер ұрпаққа беретін жақсы өнегесі көп болғай!

Суреттерді түсірген Ерасыл БАЗЫЛОВ

• ТУРНИР

Жігер бәрін жеңеді

Польшадағы Торунь қаласында ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған жыл сайын Seni Cup – 2025 футбол турнирі өтеді. Аталған жарысқа Қарағандының ерекше жандардан құралған командасы қатысып, үздік бестікке енді. Облысымыздың №2 арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының командасы – «Arlan Karaganda» барлық ойын қорытындысы бойынша бесінші орынға тұрақтады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Биыл турнирге Польша, Германия, Чехия, Венгрия, Литва, Латвия, Эстония және Қазақстаннан барлығы 30 команда қатысты. Еліміздің атынан додаға түскен «Arlan Karaganda» құрамасы қаламыздағы №2 арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиеленушілерінен жасақталған. – Команданың құрылғанына біраз болды. Спортшыларымыз тұрақты түрде жаттығады және соның арқасында жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Польшаға бару үшін біздің футболшылар Астана мен Алматы қалаларында өткен іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өтті. Бұл – олардың алғашқы халықаралық сапары емес. Мәселен, 2023 жылы осы турнирде біздің команда екінші орынды иеленген болатын, – дейді орталық директоры Аслан Мекентай. Ала доп бәсекесіне қатысушы

жерлестеріміз биылғы жарыстың денгейі жоғары болғанын, қарсыластарының дайындығы мықты екенін атап өтті. Ең күрделі кезең – іріктеу ойынында топ-12-ге ену болатын. Себебі, тек осы командалар финалға шығу құқығы үшін күресе алады. Жарыс барысында «Arlan Karaganda» ойыншылары лайықты өнер көрсетіп, жалпы есеп бойынша турнир кестесінде бесінші орынды еншіледі. Барлық команда мүшелеріне естелік сыйлықтар табыстылып, дипломдармен марапатталды.

– Тәрбиеленушілер өз нәтижелеріне риза. Ең бастысы – қатысу. Олар өзге елді көріп, жаңа тәжірибе жинап, өз мүмкіндіктерін көрсете алды. Егер футбол болмаса, мұндай сапарға шығуға мүмкіндік те болмас еді, – деп түйіндеді Аслан Мекентай.

• ФУТБОЛ

Бірінші лигада бәсеке күшейді

Қазақстан бірінші лига ойындарының қарымта кездесу матчы басталып кетті. Бұл кезеңде қарағандылық «Шахтер» клубы елордалық «SD Family» командасына қарсы қарымта кездесу өткізді. Нәтижесінде, жерлестер сырт алаңда 2:0 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы кездесуде кеншілер өз алаңында қарсыластарын 4:1 есебімен жеңген болатын. Бұл жолы сырт алаңда ойнаса да, елордалықтардан басым түсті. Бірақ, екінші ойын қиыңа соқты. Олай дейтініміз, елордалықтар қарсыластарының ойынын әбден түсініп, соған қарсы ойын тактикасын құрса керек. Одан бөлек, елордалықтардың өз алаңында ойнауы да – үлкен күш. Алаң иелері қорғаныста сауаты ойнап, өрескел қателікке жол бермеді. Әрі қақпашы Евгений Ситдиқов та өз міндетін керемет атқарды.

Ал, жерлестер әдеттегідей. Ойын басталысымен қарсыластарға шабуылды төпелетті. Қос қапталдан ойластырған шабуыл нәтижесіз аяқталып жатты. Тіпті, бірінші таймның соңына дейін допты қарсыластарға бермеді. Бірақ, қанша жерден басымдыққа ие бола тұрғанымен, таблодағы есепті өзгерте алмады. Өкінішке қарай, 30-шы минутта Ансар Алтынхан, Диас Қалыбаев, Сұлтан Шымырхан төрешіден ескерту, яғни, «сары» қағаз алып қалды.

Екінші айналымда ойын қыза түсті. «Шахтер» бапкері Александр Кузнецов 74-ші минутта ойыншы алмастырып, командаға күш қосты.



Алғашқы айналымда «сары» қағаз иеленген шабуылшы Сұлтан Шымырханның орнына 18 жастағы Мансұр Ділмұратты ойынға қосады. Одан бөлек, ескертуі бар Ансар Алтынхан алаңдағы орын 20 жастағы Максим Холодка босатып береді. Нәтижесінде, 68-ші минутта 11 метрлік айып добынан Арман Нүсіп есеп ашады. 77-ші минутта Арман дубль авторы атанып, командасына жеңіс сыйлайды. Бірақ, бұл жолы салған Арманның голы жанкүйерлер қауымын тәнті етті. Оң қапталдан ойысып, бес бірдей қорғаныста жүрген ойыншыны қапы қалдырып керемет гол салды. Үлкен жылдамдықпен келе жатқан допты қақпашы Евгений де қайтара алмады. Арманның осы бір салған голы жанкүйерлер арасында кеңінен тарап та үлгерді. Осылайша жерлестер Бірінші лига ойынының екінші

айналымын, яғни, XIV турың жеңіспен тәмамдады.

Қазіргі таңда турнирлік кестенің көш басында – актаулық «Қаспий» клубы. Қазір бұл клубтың еншісінде – 34 ұпай. Қысқасын айтсақ, Премьер-Лига ойындарының бір жолдамасы – «Осы клубта» дей берсек те болады. Ал, екінші жолдама үшін тартыс қыза түсті. Жерлестер 29 ұпаймен турнир кестесінде II орынға көтерілді. Одан кейінгі сатыда өскемендік «Алтай» клубы. Ол клубтың да еншісінде – 29 ұпай. Одан бөлек, 27 ұпаймен үзегілесіп келе жатқан павлодарлық клубты да естен шығармаған жөн. Олардың қоржынында 27 ұпай.

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтышысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сыйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 498 №74 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
